



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

## ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ЖЫЛАН СИМВОЛЫ

Мырзағұл Назерке Әлмұратқызы

[nazikosh99@mail.ru](mailto:nazikosh99@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
«Философия» мамандығының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Адаева Г.А.

Символ әлемнің болмысы, сыр-сипаты, кескінін бейнелеуде ерекше орын алатын философиялық категория. «Біз мынау жалған дүниені тек символдар арқылы кескіндей аламыз, өйткені, шексіз ғаламның кескінін де, мөлшерін де, оның қандай материалдан және қандай жолмен пайда болғанын да, Жаратушы иенің оны қалай жасағанын да шын мәнінде көре, біле, тани алмаймыз» [1, 34 б.]. «Әлемнің түрлі халықтарының мәдениетінде заңды, рет жосықты, білімді, өркениеттерді жасаушы болып саналатын белгілі бір символдар болған» [2, 468 б.].

Ұғымның мәнін ашып, ақиқатын түсініп оны символдау, символдың негізгі болмысына жатады. Әлемнің қарапайым нәрселерінен бастап, астам текті күштеріне дейін символдап, мәнін аша аламыз. Мысалы, жануарлар, өсімдіктер, сандар, адамдар, діни және мистикалық белгілер сияқты ұғымдарды жатқызамыз. Бұл ұғымдар табиғатында маңызды символикалық рөл атқарады. Мифологияда маңызды символикаға ие болған жылан тұрпаты бізге белгілі. Жылан - даналық пен жасампаздықтың символы. «Жылан - барлық дерлік мифологиялық дәстүрде кездесетін символ, ол - бір жағынан, өнімділікпен, жермен, аналық тудырғыш қуатпен, сумен, жаңбырмен, екінші жағынан, үй ошағымен, отпен, сондай-ақ аталық ұрықтандырушы қайнармен байланысты екі ұдайлыққа тұрпат болып табылады» [3, 288 б.].

Ежелгі Римде қыздардың жыланды тамақтандыруы аналық тудырғыш қуаттың символы ретінде қалыптасқан. Грек мифологиясында жылан даналық, қайта тірілу, емшілік қасиеттерге ие қуатпен сипатталады. Жылан символын даналықтың тәңіриесі Афинамен де байланыстырған. Скиф пен славян мифологиясында әйел бейнесі мен жылан арасындағы байланысты көре аламыз. Аңызда скифтер жартылай әйел бейнесі, жартылай жылан бейнесінде кездескен. Славяндардың арасында жылан символының кеңінен таралуы аналық тудырғышпен байланысты болды.

С. Қондыбайдың айтуынша: «Жұмақтағы Хауа-ананы таным ағашында өскен жемісті жеуге көндірген де - жылан, иудаизмдегі Шайтанның кейпі де - жылан, Бабыл мифіндегі ғаламның жасалуына материал болған Тиамат та - жылан, емшілік жасаушы Асклепий де - жылан, ғаламды жаратып, тіршілікті тудырушы Ұлы Аналардың дені де - жылан кейіпті болуы, жалпы космогониялық мифтердегі жылан да - осындай жағдаяттарға байланысты» [3, 288 б.].

Жылан қазақ мифологиясында аса маңызды орынға ие символ. Оның бойына білім, тылсым таным тән. «Қазақта «жылан көрсең ақ құй» деген тұрақты тіркес бар, мұның мәнісі: «егер үйге жылан кіріп кетсе оны өлтірме, алдына ыдысқа сүт қой, не болмаса басына ақ (сүт, айран, қымыз) құйып үйден шығарып жібер» дегенді білдіреді. Бұл - жыланға деген ежелгі құрмет көрсетудің ескерткіш-сарқыншағының көрінісі» [3, 291 б.].

Жылан өзінің бойына көптеген қасиеттерді сақтайды. Мысалы, ол кез келген жерде: су, жер асты жерлерде мекендей береді. Тағы бір қасиеті ретінде оның жыл сайын түлеуін санаймыз, ол терісін тастау арқылы қайтадан тіріледі. Жыланның емшілік қасиетін де атап өтпеуге болмайды. Оның уының емдік қасиеттері мен одан дәрі-дәрмек жасау, ежелден-ақ пайдаланылып келеді. Қазақ дүниетанымында жылан туралы көптеген деректер кездеседі. Адам тумастан бұрынғы жанының жылан кейпінде болуы және адам өлгеннен кейін жанының қайтадан жылан кейпіне айналуымен тығыз байланысты. Қазақ ертегілерінде де жылан бейнесі адамға жан-жануардың тілін біліп, түсіну қабілетіне жеткізген.

« Қазақта «Жылан-Қыдыр» немесе жылан кейпінде көрінетін Қыдыр түсінігі бар: яғни мұсылман түсінігінде бақыт пен сәттілік, жолы болғыштық беретін Қыдыр адамға жылан кейпінде көріне алады. Қыдыр көргендер оның кәдуілгі жылан түрінде болатынын да, қырық аяқты немесе мүйізді жылан түрінде болатындығын да айтады. Ертегілерде жылан өзіне көрсеткен жәрдемі үшін адамға сиқырлы тас, жүзік, ал олардың сүт берген үйге, сүт ыдысының қасына теңге тастап кетіп отыратындығы көп жерде айтылады. Бұларды да жыланның дарытушылық функциясы деп есептеуге болады » [ 3, 302 б. ] .

Қазақ түсінігінде қазына, байлық, мүліктің бәрі жыланның иесінде. Ол адамға ақша, мал және қазына беріп, соған иелік етеді. Жылан символикасын тек жағымсыз сипатта емес, жағымды түрде де қабылдай аламыз. Қазақ ертегілерінде жыланға қатысты түсініктер көп кездеседі. Соның ішінде, оның мекені туралы жетік айтылған. Бұл жерден «жылан елі» деген ұғым пайда болады. Оған ең алдымен: мола, жер асты, үңгір жатқызылады. Бұл жерге өлген ата-бабамыздың қонысы жатады. Жылан осы жерлерде мекендеп, тіршілік етеді. Осыдан, жыланның мола мен үңгірді күзетіп жүруі, жердегі байлық пен қазынаның иесі ата-баба рухын да көреміз. Ертегілер мен діни сенімдерде қыдыр-жыландар туралы түсініктер осыған байланысты. Жыланды адамның арғы тегімен тығыз байланыстырған. Өлген адамның өзі де, рухы да жылан кейпінде кездескен.

«Жылан кірсе басына ақ құй» сөзін көп жерден кездестіреміз. Ежелгі діни сенімдерде құрбандық шалу мақсатында, қара күштердің құрметіне сүт құйған. Оны құю себебі: сүт - ырзықтың символы, нәрестенің басты қорегі болып табылуы мен құдірет иелеріне берілетін садақа ретінде көрсетілген. Түркі халықтарының наным-сенімінде «үй жыланы» ұғымы кездеседі. Бұл түсінікте жылан сол үйдегі отбасыға қамқорлық жасап, тек жақсылық пен бақ алып келеді. Егер ол үйден жылан кетіп қалса, сол үй жоқшылыққа ұшырайды деген түсінік бар. Қазақ мифологиясында жыланның мүйізді болуы кездескен. Мүйізді жылан бейнесі жапон, қытай мифологиясында көбінесе кездеседі. Жылан культі дүниетанымымыздың бір бөлігі ретінде қарастырылған. Осыдан жыланды «ақ» пен «қара» деп екіге бөліп қарастырған. Екеуі бір-бірінен ажырамай, «екі жылан» түрінде айтылған. «Болған оқиға» делінетін аңыз ( Қызылорда облысынан Мөлдір Жақсылықова деген кісінің естелігінен ): Бір кісі әйелі және қызымен келе жатып, жолда бір-біріне ширатылып, топырақты құйрықтарымен сабалап, аспанға атып жатқан ақ жылан мен қара жыланды көреді. Әкесі шалт қимылдап екеуін де өлтіреді. Арада бір аптадай уақыт өткенде, әлгі отбасы адамдары кері қайтып келе жатып, тағы да топырақты аспанға атып, шаңдатып жатқан баяғы екі жыланды көреді. Бастапқыда бәрі де қорқып кетеді. Бәрінен бұрын ес жиған отағасы: " Қап, әттеген-ай, бекер өлтірген екенмін. Бұл бір үлкен қателік болды. " Екі жылан айқасып, оратылып жатса, баланың көйлегін үстіне тастап кете беру керек, сонда бала бақытты, дәулетті болады " деуші еді қариялар. Қалай есімнен шығып кеткен " деп қатты қапаланыпты» [3, 321 б.] . Осыдан қазақ мифологиясындағы " екі немесе егіз жылан " және осы ұғымның Бекет ата аруағына байланысты екенін көреміз. Оған дәлел ретінде Бекет ата кесенесін салу барысында, екі ақшыл жыланның билегендей қимыл жасауын көруі. Аруақ кейпіндегі жыландардың көрінуі қазақ дүниетанымында кең таралған құбылыс.

Қазақ мифологиясында «ордалы жылан» түсінігі бар. Бұл жыландар үңгір мен құдықтарда мекендеп, жүздеген жыландар бір-біріне оралып жатады. Егер адам ордалы жыланды абайсызда өлтіріп алған жағдайда, қалған жыландар әлгі адамды қай жерге кетсе де тауып алып өлтіреді деген түсінік қалыптасқан. Сондай-ақ, «Оуроборос» - өз құйрығын тістеп жатқан жыланды кездестіруге болады. Ертегілерде құйрығын аузымен тістеген жыланның малды қоршап жатқандығы туралы айтылған. Бұл жыланның бейнесі қазақ мифологиясындағы «ғаламдық жылан» түсінігімен тығыз байланысты. «Ғаламдық жылан» жерді, ғаламдық тауды қоршап жататын болған. Ғаламдық жыланның да «қоршап жату» белгісін осы жерден көре аламыз.

Қондыбай Серікбол жалпы түркі дәстүрінде «жылан мифологиясының» болғанын дәлелдеудің біздер қазақтар үшін аса маңызды екенін, өйткені сол арқылы соңғы 6-8 мың жыл ішінде арғықазақтардың қайдан шыққанын, қай жерді мекендегенін, кіммен көрші

болғанын анықтай алатынымызды атап көрсетеді.атап көрсетеді. Ойшыл жыланның қай мифтік дәстүрде болмасын аса маңызды орынға ие екенін, біреуінде жағымды, біреуінде жағымсыз, зұлымдық символы болғаны тек діни ілімдердің жыланға деген көзқарасынан туындаған бағамдар екенін, оның символдық мәні барлық мифтік дәстүрде: құпия танымның, эзотериялық білімнің, даналықтың, жасампаздық пен мәңгі тірліктің, жасарудың символы екенін айтады. «Арғықазақтағы жылан тотемінің болуының басты көрсеткіші-архаикалық ертегілер мен сенім-нанымдар комплексіндегі жыланға деген ерекше көзқарастың сарқыншағының молдығымен қатар, «Жылан-баба» (Жылан-бабахан, Жылан-Бапыхан, Шахимардан, Мар-ата, Мардан, т. б.) есімі мен тұрпатының болуы. Яғни қазақ фольклоры «Бөрі баба», «Құс-баба», «Балық-баба», т. б. «бабалардың» есімдерін емес, нақты, тек қана «Жылан бабаның» есімін сақтап отыр». Әр қарай ойшыл жыланға қатысты: жылан-рудың рух-қамқоршысы, жылан өлілер дүниесінің қожайыны (иесі, күзетшісі), жыланның жер асты қазынасының иесі-күзетшісі, жылан-билік иесі сияқты түсініктердің барлығы әйелге, Ұлы Бабаға тән қасиеттер екенін қазақ ертегілеріне («Жылан қабықты жігіт», «Қара жылан мен ақ жылан», «Шаямардан» «Ер төстік» т. б.) талдау жасай отырып дәлелдейді. Бұның бәрі бір кезде б. з. д. 6-3 мың жылдықтарда, матриархат дәуірінде болған жылан культінің біздің архетиптік жадымызда қалған сарқыншақтары екенін көрсетеді. Бұдан әрі «айдаһардың» дей-түркілік мифтік тұрпат екенін, лингвистикалық талдау жасау арқылы былай деп тұжырымдайды: «Айдаһар (аждаһа) сөзінің дей-түркілік этимологиясы: мұндағы «ажи» сөзі «жылан баба, әже» дегенді білдірсе, «дах» сөзі (tang праформасынан өрбіген) «бастапқы тіршілік көзі, тіршілік иесі, тірі пенде» немесе «тіршілік, өмір беруші» дегенді білдіреді, яғни Айдаһар- «Барлық жанды жаратушы, тудырушы баба, әже», «жылан баба» дегенді білдіретін сөз. Бұл тұрғыдан қарағанда, дей-түркілік «Айдаһар» (Аждаһа, Ажи-Даһ, Ажи-дан) тіршілік жаратушы, тәңіриелер мен адамдардың, жалпы тірі мақлұқтардың арғы, түпкі бабасы, «Ұлы Ана» категориясына кіретін мифтік тұрпат [4].

Жылан символы түркі мифологиясында ғана емес, ауқымы терең тараған символ болып табылады. Әртүрлі мифтік дәстүрлерде, дінде кездесетін жылан символы маңызды орынға ие.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 512 бет.
2. Мифология: құрылымы мен рәміздері. "Әлемдік мәдениеттану ой-санасы". Он томдық. 2-том. – Алматы: Жазушы, 2005. – 568 бет.
3. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Үшінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 488 бет.
4. Адаева Г.А. Қазақ дәстүрлі дүниетанымы: гендерлік қырлары. Астана, 2013. – 142 б.

УДК 211.2

### **ДИНДАРЛЫҚ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ**

**Оспан Гүлмира Фархатқызы**

*gulya5991@mail.ru*

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Дінтану мамандығы

1 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – К.А.Сағатбековна

Адамдардың дінге деген ара қатынасы, жаратылыстан тыс әлемге сену деңгейі діндарлық немесе діншілдік ұғымымен сипатталады. Дін объективті сипатқа ие болса, діншілдік субъектінің ерекшелігі болып табылады. Ол индивид, тұлға, топ, ұжым, ұлт, адамзат ретінде қарастырылатын субъектіге тән. Сондықтан қоғамдағы діндарлық түсінігінің